

А у нас в батальоне был фельдшер, который не расставался с гармошкой. Шли мы колонной, измученные, усталые, и вдруг неожиданно, когда он растянул меха, чтобы нас подбодрить музыкой, начался страшный минометный обстрел. Аптечную повозку подкинуло в воздух, а нашему любимому гармонисту оторвало голову. Были раненые, меня контузило. Я оглохла, из носу шла кровь. Когда все закончилось, убитых захоронили, раненых, позднее, которые нуждались, отправили в медицинский санитарный батальон или в госпиталь. Я подлечилась в своем медсанбате, кстати, меня в ноябре 1944 года, из полка, как лучшего врача, о чем говорилось в приказе, перевели в медсанбат-командиром приемно-сортировочного взвода. Надо было сортировать по тяжести ранения, в порядке очередности оказывать необходимую помощь и осуществлять своевременную эвакуацию по госпиталям. И все это происходило под частыми бомбежками. Но я никогда ни в полку, ни в медсанбате не бегали в окопы, не прятались от бомбежек и обстрелов» [4, с.185].

Тамара Дмитриевна принимала участие в освобождении Белоруссии, Польши, захвате Кенигсберга. В годы войны она также была награждена орденом Отечественной войны II степени, медалями «За Победу над Германией», «За взятие Кенигсберга».

Таким образом, из наградных листов мы узнаем личные данные каждого военнослужащего, его специфику и направление службы, содержание подвига. Нередко в наградных листах имелись ошибки в фамилиях, именах и отчествах, в датах рождения, в датах призыва. Для установления подлинности нам приходилось сравнивать несколько видов источников. Тем не менее, наградные листы являются ценным документом для исследователей. Введение их в научный оборот не только открывает новый фактический материал по истории конкретных военнослужащих, но и в целом расширяет тематическое разнообразие проблемного поля исследований по истории Великой Отечественной войны.

Список литературы

- 1 Никто не забыт, ничто не забыто. – Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2000. – 252 с.
- 2 Память народа 1941-1945. Скуратова (Измайлова) Е.М. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie28185311/. – 18.08.2020
- 3 Васильева М.П. Память народа 1941-1945. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie21491447/
- 4 Ер есімі ел есінде – Поклонимся и мертвым, и живым /сост. Л.Рифель. – Усть-Каменогорск, 2014. – 647 с.
- 5 Мусин М. С Катонских гор, с берегов Нарыма – Усть-Каменогорск: «Медиа-Альянс», 2004. – 360 с.
- 6 Петручик Т.Д. Память народа 1941-1945. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie16949418/.
- 7 Петручик Т.Д. Память народа 1941-1945. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://pamyat-naroda.ru/heroes/podvig-chelovek_nagrazhdenie19047573/.

ҚЫТАЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫСҚА ДЕГЕН ОЙЛАРЫ, КӨЗҚАРАСЫ

Абжанова А.Р., т.м., оқытушы
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан

Екінші дүниежүзілік соғыс 80 жыл бұрын аяқталды. Соғыстың тарихи бағыты мен көптеген халықтардың тағдырын өзгерткен жаһандық қақтығыс болды. Дегенмен, Қытайдың бұл ауқымды тарихи үдеріске көзқарасы Батыстың көзқарасынан ерекшеленеді, өйткені оның қатысуы Еуропа мен Тынық мұхитындағы негізгі соғыс театрларының көлеңкесінде жиі болғанына қарамастан, Қытай ұзақ уақыт бойы соғыстың алдыңғы шебінде болған

елдердің бірі болды. Қытай соғысқа Екінші дүниежүзілік соғыстың ресми басталуына дейін кірді, Жапония Азиядағы өз империясын нығайтуға ұмтылып, 1937 жылы Қытайға қарсы агрессияны бастады. Бұл Екінші Қытай-Жапон соғысының (1937–1945) басталу себепкері және кеңірек қақтығыстың бөлігі. Қытай үшін, әсіресе оның жапон шапқыншылығына қарсы күресі жағдайында Екінші дүниежүзілік соғыс жапон империализміне қарсы тұрудың кеңірек тарихи процесінің құрамдас бөлігі. 1937 жыл Қытай үшін жапон әскерлері елге жаппай басып кіру оқиғасы қайғылы сәт екенің ұмытпау керекпіз. Бұл әскери іс-қимылдың басы ғана емес, Қытай тарихындағы ең қанды беттердің бірінің басы. Жапон әскерлері Пекинді, Нанкинді және басқаларды қоса алғанда, маңызды қалаларды тез басып алды. Жапондық агрессияның ең әйгілі эпизодтарының бірі 1937 жылы Нанкин қырғынында жапондық сарбаздар он мыңдаған қытайлық бейбіт тұрғындарды өлтірді, зорлады және азаптады. Соғыс бойы Жапония «қытайлық геноцид» саясатын жүргізді, бұл елдің тарихы мен қытай халқының мәдениетінде терең із қалдырды. Тарихшылардың бағалауынша, соғыс кезінде 17-22 миллион қытай [1] қаза тапты, олардың көпшілігі бомбалаудан, аштықтан, зорлық-зомбылықтан және жаппай жазалаудан зардап шеккен бейбіт тұрғындар болған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші дүниежүзілік соғыстан айырмашылығы оған Азияны, Еуропаны, Американы, Африканы және Океанияны қамтитын 60-тан астам елдер мен аймақтар қатысты, шамамен 1,7 миллиард адам, 5 миллионнан [2] астам адам шығыны бар және кемінде сегіз жыл кезеңді қамтыған соғыс болды. Соғыстың басталу себептері өте күрделі және бір емес, бірнеше қақтығыс нүктесі, ұрыс алаңдары жер шарының барлық дерлік бөлігін қамтыды. Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихына көз жүгіртсек, соғыстың екі бастауы, оның басталуының екі сәті, екі негізгі ұрыс даласы, жеңістің екі мерейтойы, соғыстан кейінгі екі түрлі көзқарас болғанын көреміз.

Қарқынды дамып келе жатқан Қытай бүкіл әлемге өзінің тарихи өткеніне, әскери тарихына құрметпен қараудың лайықты үлгісін айқын көрсетіп отыр, мұнда КСРО мен Қытайдың Екінші дүниежүзілік соғыста неміс фашизмі мен жапон милитаризмін ортақ жеңіске қол жеткізудегі рөлі жоғары деңгейде атап өтіледі.

Бұл зерттеудің өзектілігі жаһандық контексте Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын көп қырлы түсінуге деген қызығушылықтың артуына байланысты. Қытайлық ғалымдардың көзқарасы Қытайда Екінші дүниежүзілік соғыстың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын Жапонияға қарсы соғыстың (1937-1945) өзіндік тарихи тәжірибесіне негізделген бірегей перспективаны білдіреді. Қытай тарихнамасын зерттеу соғыстың жаһандық маңызы мен оның қазіргі халықаралық тәртіпті қалыптастырудағы салдары туралы түсінігімізді кеңейтуге көмектеседі.

2005 жылы мамырда Мәскеуде жапон басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күреске қатысқан ресейлік ардагерлермен кездескен ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао былай деп атап көрсетті: «Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сұрапыл соғыста Қытай мен КСРО халықтары иық тіресе соғысып, терең орнатылған достық Қытай халқының жүрегінде мәңгі сақталады» [3].

Кеңес-герман майданы Екінші дүниежүзілік соғыстың басты майданы болды. КСРО-да «Ұлы» және «Отаншыл» атанған 1941-1945 жылдардағы соғыс – Отанымыздың көп ғасырлық тарихындағы ең ерлік және қасіретті беттердің бірі, ол ел үшін ең үлкен сынақ қана емес, сонымен бірге оның халқының бойындағы ең жақсы қасиеттердің – ғажайып отаншылдықтың, асқан ерлік пен қайсарлықтың көрінісі. Кеңес адамдарының жоғары рухани әлеуеті мен майдандағы және тылдағы теңдессіз ерлігі шын мәнінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісті айқындады, ол біздің халқымыз үшін өте жоғары бағамен қол жеткізілді - шығындардың жалпы саны 26 миллионнан астам адамды құрады [1].

1995 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминь алғаш рет қытайлық көзқарасты айтқан болатын. Мәскеудегі мерекелік шараларға 50-ден астам елден делегациялар шақырылып, Қызыл алаңда Жеңіс шеруі өтті. Шақырылғандардың қатарында стратегиялық ынтымақтастық бойынша серіктестер – Цзян Цзэминь бастаған Қытайдың өкілдері қатысты. Ресей президенті

Б.Н. Ельцин оны серіктес елдің басшысы ретінде Кремльде қабылдады. Кездесу барысында Цзян Цзэминь «Қытай мен Кеңес Одағының ұлы антифашистік соғысқа қосқан тарихи үлесі» және «соғыс кезінде екі елдің халықтары бір-бірін қолдап, иық тіресе соғысқаны» туралы айтты [4]

2010 жылы Мәскеуге Жеңістің 65 жылдығын тойлауға шақырылған ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао президент Д.А. Медведевпен кездесуінде «әлемдік антифашистік соғыста жеңіс үшін күреске шешуші үлес қосқан кеңес жауынгерлері» деп мойындады. Қытай көшбасшысы ресейлік ардагерлермен «осы уақытта антифашистік соғыстың негізгі майданында Азия мен Тынық мұхитында Қытайдың әскери және бейбіт тұрғындары 8 жыл бойы ұзақ әрі табанды күрес жүргізгенін» атап өтіп: «Біз тарихқа дұрыс көзқарас танытуымыз керек. Қытай мен КСРО әлемдік антифашистік соғыста жеңіске маңызды үлес қосқаны шындық» деп қосты. Кеңес Одағының Жапонияны жеңудегі ролін Ху Цзиньтао: «Біз кеңес әскерінің үлкен санының Қытайдың Солтүстік-Шығысына майданға аттанып, Қытайдың әскери және бейбіт тұрғындарымен бірге жапон агрессорларына қарсы күресіп, Қытай халқының жапон басқыншыларынан азат ету соғысындағы соңғы жеңіске маңызды үлес қосқанын ұмытпаймыз» деп сипаттады [5]. Сонымен қатар Ху Цзиньтаодың пайымдауынша соңғы кездері дүниежүзіндегі кейбір күштер Кеңес Одағының Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіске қосқан көрнекті тарихи үлесін сызып тастау немесе жоққа шығару үшін тарихты қайта жазу немесе бұрмалау әрекеттерін жасауда. Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихын бағалау мәселесінде Ресей мен ұстанымдарымыз бірдей. Осы тұрғыда біз тарихи шындықтың маңыздылығын батыл қорғау үшін үйлестіру мен өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуды орынды деп санайтынын атап өтті. [4]

Неміс фашизмі мен жапон милитаризмін жеңген Жеңістің 70 жылдығында Ресей мен Қытай елдеріміздің Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысу тарихының негізгі және тұжырымдамалық мәселелерін объективті зерттеуге бағытталған бірлескен ғылыми іс-шараларды өткізуі маңыздылығы айтылды.

Екі ел бірігіп Екінші дүниежүзілік соғыс тарихының іргелі мәселелеріне қатысты зерттеулерді тереңдету және кеңейту қажеттілігін, атап айтсақ 1937-1945 жылдары Қытайға кеңестік әскери-техникалық және экономикалық көмек көрсетудің маңызы, Қытайдағы жапон агрессиясын тойтарудағы КСРО ролі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес-қытай ынтымақтастығы, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы 1941-жылдың шынайы тарихын зерттеу жапон басқыншыларына қарсы күресте қытай халқының қарсылығы», Екінші дүниежүзілік соғыста КСРО мен Қытайдың ортақ Жеңіске жетуіне қосқан үлесі, т.б. туралы қорытындынылар негізделді.

Екі елдің қазіргі көшбасшылары алдыңғы буынның бастамасын жалғастыруда, оған 2025 жылдың қаңтар айында өткен Ресей президенті В. Путин және ҚХР төрағасы Си Цзинпинмен өткен видеоконференция барысында қытай көшбасшысы биыл Қытай халқының жапон басқыншылығына қарсы қарсыласу соғысы, Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы және Дүниежүзілік антифашистік соғыстағы жеңісіне 80 жыл, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 80 жыл толып отырғанын атап өтіп «Біз халықаралық жүйені БҰҰ-мен бірлесіп қорғауға, Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің нәтижелерін, барлық елдердің БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын қатаң сақтауын қамтамасыз етуге, халықаралық қатынастардың жалпы танылған негізгі нормаларын және шынайы көпжақтылық тәжірибесін қолдауға тиіспіз» деп сөзін қорытындылады [5].

Қытайдың Екінші дүниежүзілік соғысқа көзқарасы оның ұлт-азаттық жолындағы тарихи күресімен және кейін әлемдік аренада маңызды орын алатын қуатты, тәуелсіз мемлекет құруымен тығыз байланысты. Соғыс Қытайдың саяси мәдениеті мен халықтың ұжымдық жадында терең із қалдырып, қасірет қана емес, жеңіс пен аман қалудың символына айналды. Бүгінгі күні Қытайда Екінші дүниежүзілік соғысты еске алу ұлттық бірегейліктің маңызды бөлігі болып қала береді, ол қазіргі Қытайды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сколько китайцев погибло во Второй мировой войне. [Электронный ресурс]. Режим доступа: //dzen.ru/a/XZOvTjXI2ACxThMU?ysclid=m954qdajdr991123177
- 2 张海鹏. 第二次世界大战历史的宏观反思// file:///C:/Users/abjan/OneDrive/
- 3 Шахрай С.М. «Дружба проверенная войной...»: советско-китайское сотрудничество в годы Второй мировой войны. История и современность [Электронный ресурс]. Режим доступа:// https://historyrussia.org/polemika/tribuna/druzhiba-proverennaya-vojnoj-sovetsko-kitajskoe-sotrudnichestvo-v-gody-vtoroj-mirovoj-vojny-istoriya-i-sovremennost.html
- 4 Встреча с Председателем КНР Ху Цзиньтао [Электронный ресурс]. Режим доступа: // kremlin.ru/events/president/news/7689
- 5 Китай и Россия должны совместно защищать итоги Второй мировой войны - Си Цзиньпин - 21.01.2025, Sputnik Казахстан [Электронный ресурс]. Режим доступа://ru.sputnik.kz/20250121/kitay-i-rossiya-dolzheny-sovmestno-zaschischat-itogi-vtoroy-mirovoy-voyny---si-tszinpin-50175520.html

НАПОЛЕОНДЫҚ ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС ТАРИХЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНДА БҰРМАЛАНУЫ МӘСЕЛЕСІ

Аймахов Е.Н., т.м., аға оқытушы
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан

Ресейде кеңес үкіметінің орнауы тарихи идеологияда және қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде өзгерістердің орнауына алып келді, бұл ең алдымен марксистік идеология бойынша қоғамның тарихы мен өміріне класстық тұрғыдан қараумен байланысты болды. Алайда тарих ғылымында мұндай тұрғыдан қарау тарихнамада бірден орнығып кеткен жоқ. Кеңес тарихнамасының қалыптасуына өзіндік роль атқарған М.Н. Покровский 1812 жылғы соғысты Отан соғысы деп санамады. Покровский М.Н. 1812 жылғы соғыс тарихына жаңа концепция енгізді. Ол 1812 жылғы соғыстың басталуына Ресейдің өзі жауапты екендігін, 1810 жылы желтоқсанда Ресей Францияға қарсы соғысқа дайындалғанын келтіре отырып, Ресейдің өзін агрессор мемлекет етіп көрсетті. [1, 44-45 бб.]

Покровский М.Н. дворяндық тарихнаманы сынға алуы оның басты еңбегі. А.Н. Михайловский-Данилевский және М.И. Богдановичтің Александр І-дің соғыстағы шешуші роль атқаруын асыра көрсету арқылы соғыстағы ірі қолбасшылардың еңбектерін төмендету мақсатындағы ресми “патшалық” концепциясын әшкереледі.

Алайда Покровскийдің он екінші жылғы соғыс тарихына жаңа тұжырымдама жасауы кеңес үкіметі тарапынан қарсы қабылданды. Осы мәселеге арнайы коммунистік партия мен кеңес үкіметі М.Н. Покровскийдің қателігі туралы қаулыны шығарды. [2, 6-7 бб.] 1930 жылы ішкі партиялық күрес нәтижесінде сталиндік жеңістің орнығуымен ерекшеленеді. Жеке бастың соғысқа дейінгі кеңес тарих ғылымы мен 1812 жылғы Отан соғысы тақырыбына үлкен ықпал болды. Жалпы тарихнама 1930 жылдың екінші жартысында И.В. Сталин пікірі мен ескертулерінің ықпалымен жаңа концепциялардың қалыптасу кезеңін бастан кешіріп жатты. Осындай қалыптасқан жағдайда М.Н. Покровскийдің концепциясы қайта қаралып тарихшы И.М. Дружинин, Е.В. Тарле тарапынан жан-жақты сынға ұшырап, жоққа шығарылды. Кеңес тарихнамасында 1812 жылы соғыс Францияның бейбітшіл Ресейге жасаған агрессиялық соғысы болды деген тұжырымдар тез қалыптасты. [3, 97 б.]

1930 жылдар аяғында сталиндік пікірдегі басқа көзқарастың болуы мүмкін емес еді. Е.В. Тарленің үлкен жетістікке ие болған, белгілі “Наполеон” еңбегі қатарынан “Правда” және “Известия” газетінің беттерінде қатаң сын-пікірге ұшырады. Мақала авторлары кітапқа контрреволюциялық жариялым деп жала тақты. Бұл ақыр соңында Сталиннің іске